

ЖЕМ - САҒЫЗ

№31 (7891) 6 тамыз, Бейсенбі 2026 жыл



<https://zhemsagyz.kz/>



zhemsagyzgazeti@mail.ru

Сүйінші



ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН ЖАҢА БЕКЕТ

Ноғайты ауылында ауыл тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды нысан – ерікті өрт сөндіру бекеті пайдалануға берілді. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің «Ауыл құтқарушылары» республикалық жобасы аясында іске қосылған бұл нысан еліміздегі 230-шы ерікті өрт сөндіру бекеті саналады.

Шараға Ақтөбе облысы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының міндетін уақытша атқарушы, азаматтық қорғау полковнигі Айбат Жаңабергенов, аудан әкімі Айбек Көпенов, төтенше жағдайлар саласының қызметкерлері, ауыл ақсақалдары мен тұрғындары қатысты.

Жоба аудан әкімдігі мен «Сағыз Петролиум Компания» ЖШС-і арасындағы әлеуметтік әріптестік туралы меморандум аясында жүзеге асырылды.

астам тұрғынның қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, өрт пен өзге де төтенше жағдайларға жедел әрекет ету мүмкіндігі айтарлықтай артады.

Бекет ЗИЛ-131 маркалы өрт сөндіру автокөлігімен, арнайы өрт-техникалық жабдықтармен және заманауи байланыс құралдарымен жабдықталған. Ғимарат тәулік бойы жұмыс істеуге лайықталып салынған. Мұнда кезекші құрамның қызмет атқаруына және тынығуына қолайлы жағдай жасалып, ар-

Жиында сөз сөйлеген аудан әкімі Айбек Купенов бұл нысанның ауыл халқы үшін маңызы ерекше екенін атап өтті.

– Ауыл тұрғындарының қауіпсіздігі – біз үшін басты басымдықтардың бірі. Ноғайтыдағы жаңа өрт сөндіру бекеті төтенше жағдайлардың алдын алуға, өрт шыққан жағдайда уақыт оздырмай әрекет етуге мүмкіндік береді. Бұл – мемлекет пен бизнестің өзара тиімді әріптестігінің нақты жемісі. «Сағыз Петролиум Компания» ЖШС-нің әлеуметтік жауапкершілік танытып, осындай маңызды жобаны жүзеге асыруға қолдау көрсетуі – ел игілігіне қосылған үлкен үлес. Жаңа нысан халықтың қауіпсіздігін нығайтып, ауылдың тұрақты дамуына қызмет етеді деп сенемін, – деді аудан әкімі.



Компания жаңа нысанның құрылысын толықтай өз қаражаты есебінен қаржыландырып, ауыл тұрғындарының қауіпсіздігін арттыруға бағытталған игі іске қолдау көрсетті.

Жаңа өрт сөндіру бекеті Ноғайты және Айрық ауылдарына қызмет көрсетеді. Соның нәтижесінде 1600-ден

найы техниканы сақтайтын гараж бен қажетті тұрмыстық бөлмелер қарастырылған. Сонымен қатар ерікті өрт сөндірушілердің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің мамандары тұрақты түрде теориялық және практикалық оқу-жаттығулар өткізетін болады.

Шара барысында нысанның салтанатты лентасы қиылып, қонақтар жаңа өрт сөндіру бекетінің материалдық-техникалық базасымен, қызметтік бөлмелерімен және арнайы техникаларымен танысты.

«Жем-Сағыз» ақпарат



Қызмет

ТҰРҒЫНДАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ЖҰМЫСЫ ЖҮЙЕЛІ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Халықпен ашық әрі тиімді байланыс орнату, тұрғындардың өтініштері мен ұсыныстарына дер кезінде ден қою – жергілікті атқарушы органдар жұмысының басты басымдықтарының бірі. Осы бағытта аудан әкімі Айбек Купеновтің азаматтарды жеке қабылдауы тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді.

АШЫҚ АҚІМДІК ОТКРЫТЫЙ АКИМАТ



Аудан әкімі аппаратының құжаттамалық бақылау және ұйымдастыру бөлімінің басшысы Дана Әділханованың айтуынша, жыл басында аудан әкімінің тұрғындарды жеке қабылдау кестесі бекітіледі. Соған сәйкес әр ай сайын азаматтарды қабылдау өткізіліп, тұрғындардың көтерген мәселелері тыңдалып, заң талаптарына сәйкес қаралады.

– Жеке қабылдау Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 90-бабына сәйкес мемлекеттік әкімшілік орган басшысы немесе оның орынбасарының азаматтар мен заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауын көздейді. Осы талапқа сәйкес аудан әкімі тұрғындарды тұрақты негізде қабылдап, олардың өтініштері мен ұсыныстарын тыңдап келеді. Бұл – халықпен ашық диалог орнатуға, өзекті мәселелерді дер кезінде анықтап, оларды заңнама талаптарына сәйкес шешуге бағытталған маңызды жұмыс, – дейді бөлім басшысы.

Оның айтуынша, аудан әкімінің қабылдауында жиі көтерілетін мәселелердің қатарында тұрғын үй, жер, жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау, білім беру, денсаулық сақтау және жол саласына қатысты түйткілдер бар.

Қабылдау барысында көтерілген әрбір өтініш жан-жақты зерделеніп, қолданыстағы заңнамаға сәйкес азаматтарға толық түсіндірме беріледі. Ал қосымша қарауды немесе бірнеше мемлекеттік органның қатысуын қажет ететін мәселелер бойынша тиісті бөлімдер мен мекемелерге нақты тапсырмалар жүктеледі. Олардың орындалуы тұрақты бақылауда болады.

– Азаматтардың өтініштерін уақытылы әрі сапалы қарау – аудан әкімдігі қызметінің негізгі басымдықтарының бірі. Әрбір мәселе назардан тыс қалмайды. Заң аясында шешім қабылдау үшін барлық мүмкіндіктер қарастырылады, – дейді Дана Нұрлыбекқызы.

Оның сөзінше, тұрғындарды жеке қабылдау халық пен жергілікті атқарушы органдар арасындағы өзара сенімді нығайтып қана қоймай, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуге, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға мүмкіндік береді.

Бұл жұмыс алдағы уақытта да бекітілген кестеге сәйкес тұрақты жалғасады.

Жеке қабылдау жұмысының тиімділігі облыстық деңгейде де бағаланып отырады. Әр тоқсан сайын облыстық әкімдік аппараты аудан және қала әкімдерінің тұрғындарды қабылдау жұмысына рейтинг жүргізеді. Осы көрсеткіш бойынша Байғанин ауданы үздіктер қатарынан көрініп келеді. Бұл – аудан тұрғындарының мәселелерін қарау және оларды шешу бағытындағы жұмыстың жүйелі ұйымдастырылғанының айқын дәлелі.

Аудан әкімінен бөлек, бекітілген кестеге сәйкес аудан әкімі аппаратының басшысы, аудан әкімінің орынбасарлары, аудандық бөлімдер мен мекемелердің басшылары, сондай-ақ ауылдық округ әкімдері де тұрғындарды жеке қабылдайды. Олардың қабылдау өткізуі мен көтерілген мәселелердің орындалуы тұрақты бақылауда ұсталады.

Жыл басынан бері аудан әкімі 10 жеке қабылдау өткізіп, 92 азаматты қабылдаған. Статистикаға сүйенсек, тұрғын үй-баспанамен қамту бойынша 27, жұмыспен қамту мәселесімен 44, жер мәселесі бойынша 3 және басқа сұрақтар бойынша 18 адам жүнген. Көтерілген мәселелердің 60-ы оң шешімін тауып, қалған 32-іне тиісті мемлекеттік органдарға тапсырмалар беріліп, заң аясында түсіндірме жұмыстары жүргізілген.

Ал шілде айында аудан әкімі 19 азаматты жеке қабылдаған. Қабылдау барысында барлығы 12 түрлі мәселе қаралып, олардың ішінде тұрғын үй кезегіне тұру, жер қатынастары, тұрақты жұмыспен қамту мәселелері қамтылған. Сонымен қатар шілде айында аудан аумағында болған жойқын дауыл салдарынан апаттық жағдайға түскен тұрғын үйлерге қатысты өтініштер де қаралған. Аталған мәселелер бойынша тиісті қолдау көрсетіліп, азаматтардың сұрақтары оң шешімін тапқан.

Тұрғындардың өтініштері мен ұсыныстары әрдайым аудан әкімдігі назарында. Оларды заң талаптарына сәйкес шешуге бағытталған жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын табады.

Өйгерім КАРИМАН

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНДЕ ӨЗІҢІЗДІ ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ?

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Әрбір азамат өзі туралы сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді оның тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелерінің үй-жайларында дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап тексере алады.

Әскери бөлімдерде, шалғай және қатынасу қиын аудандарда, демалыс үйлерінде, санаторийлік-курорттық ұйымдарда, үздіксіз жұмыс істейтін өндірісі бар ұйымдарда, жұмысты вахталық әдіспен ұйымдастыру орындарында, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктерінің жанынан құрылған сайлау учаскелерінде сайлаушылар тізімдермен дауыс беру күніне бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 17 тамыздан бастап таныса алады.

Заң мен тәртіп

«ЖОЛДА ҚАБЫЛДАУ»: ҚАУІПСІЗ ЖОЛ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Мемлекет басшысы айқындаған «Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру – еліміздегі қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарының бірі. Осы міндетті орындау мақсатында Байғанин ауданында құқық бұзушылықтардың алдын алу, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру және жол-көлік оқиғаларын азайтуға бағытталған кешенді профилактикалық жұмыстар тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Соның бірі – аудандық полиция бөлімі өткізген «Жолда қабылдау» акциясы. Іс-шара барысында жүргізушілер мен жолаушыларға заң талаптары түсіндіріліп, жол қозғалысы қауіпсіздігіне қатысты маңызды мәселелер бойынша кең көлемде ақпарат берілді.

Республикалық маңызы бар Ақтөбе – Астрахань автожолының 247-шақырымында ұйымдастырылған акция үш күнге созылды. Іс-шараға аудандық полиция бөлімінің 10 қызметкері жұмылдырылып, жол бойында профилактикалық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында жол жүрісіне қатысушыларға кең көлемде түсіндіру жұмыстарын жүргізу, азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру және жол қозғалысы ережелерін сақтау деңгейін арттыру мақсатындағы акция барысында полиция қызметкерлері әрбір жүргізушімен жеке еңгімелесіп, жолдағы қауіпсіздіктің қарапайым талаптарының өзі адам өмірін сақтап қалуда маңызды рөл атқаратынын түсіндірді.

Шара кезінде 500-ден астам жүргізушіге және 100-ге жуық жолаушыға құқықтық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Азаматтарға жол қозғалысы ережелерін сақтау, жылдамдық режимін бұзбау, қауіпсіздік белдігін пайдалану, қарсы бағытқа шықпау, көлікті мас күйінде басқармау, көлік жүргізу кезінде ұялы телефонды қолданбау, балаларды арнайы қауіпсіздік құралдарымен тасымалдау талаптары жан-жақты айтылды.

Сонымен қатар жүргізушілерге алыс жолға шығар алдында автокөліктің техникалық жай-күйін міндетті түрде тексеру қажеттігі ескертілді. Атап айтқанда, тежегіш жүйесі, жарық шамдары, доңғалақтардың жағдайы, руль басқару жүйесі мен басқа да негізгі тетіктердің жарамдылығы ерекше назарға алынуы тиіс екені ескертілді. Сондай-ақ ұзақ жолға шаршаған немесе ұйқысы қанбаған күйде шықпау, жол барысында демалыс жасап отыру және жолдағы ауа райы жағдайын алдын ала ескеру ұсынылды. Полиция қызметкерлері жол-көлік оқиғаларының басым бөлігі жүргізушілердің қарапайым қауіпсіздік талаптарын елемейтін орын алатынын атап өтті. Сондықтан кез келген жол қозғалысына қатысушы заң талаптарын сақтап қана қоймай, өзара сыйластық пен жауапкершілік қағидатын ұстануы қажет.

Аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Темірбек Нұрғалиевтің айтуынша, профилактикалық жұмыстар құқық бұзушылықтардың алдын алудың ең тиімді тәсілдерінің бірі болып саналады.

– «Жолда қабылдау» акциясының негізгі мақсаты – азаматтарды әкімшілік жауапкершілікке тарту емес, ең алдымен олардың құқықтық сауаттылығын арттыру және жол қозғалысы мәдениетін қалыптастыру. Жүргізушілермен тікелей кездесіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізудің нәтижесінде азаматтардың заң талаптарын деген жауапкершілігі артып келеді. Осындай шаралардан кейін жол қозғалысы ережелерін бұзу



деректерінің азайғаны байқалады. Бұл – профилактикалық жұмыстардың нақты нәтижесі. Алдағы уақытта да тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мұндай акциялар тұрақты түрде өткізіле береді, – деді бөлім басшысы.

Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету – тек полицияның ғана емес, қоғамның ортақ міндеті. Әрбір жүргізуші жолға шығар алдында көлігінің техникалық жарамдылығына көз жеткізіп, өз денсаулығы мен сергектігін бағалап, жол қозғалысы ережелерін бұлжытпай орындауы тиіс. Ал жолаушылар қауіпсіздік белдігін тағу, жүргізушінің назарын алаңдатпау және жолдағы тәртіпті сақтауға атсалысу арқылы ортақ қауіпсіздікке үлес қоса алады.

Мамандардың пікірінше, жолдағы әрбір тәртіп бұзушылықтың артында адам өмірі мен денсаулығына төнетін қауіп бар. Сондықтан құқықтық мәдениетті қалыптастыру, жол қозғалысына қатысушылардың жауапкершілігін арттыру және түсіндіру жұмыстарын үздіксіз жүргізу – жол-көлік оқиғаларының санын азайтудың ең тиімді жолдарының бірі. Осындай профилактикалық шаралар арқылы аудан тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және заң талаптарын құрметтеу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

Өйгерім КАРИМАН

Спорт алаңы

БАТЫС АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА БАЙҒАНИНДІК ЖҰЗУШІЛЕРДІҢ БАҒЫ ЖАНДЫ

Астана қаласында 1–2 тамыз күндері өткен AOSI Батыс Азия жүзу чемпионаты қазақстандық спортшылар үшін табысты аяқталды. Халықаралық додаға Малайзия, Тайланд, Қырғызстан, Түрікменстан, Иран, Ресей, Үндістан және Қазақстаннан 500-ге жуық спортшы қатысып, екі күн бойы өзара мықтыны анықтады.

Ел намысын қорғаған Batys KZ командасы жарыста жоғары деңгейдегі дайындықтарын дәлелдеп, жалпыкомандалық есепте үшінші орынға ие болды. Команданың бұл жетістігіне байғаниндік жас жүзушілер де қомақты үлес қосты.

Чемпионатта Бауыржан Дүйсенбин 100 және 200 метрге еркін жүзу сайыстарында қарсыластарынан оқ бойы озып, екі бірдей алтын медаль жеңіп алды. Сонымен қатар, 4×100 метрлік аралас (mix) еркін стильдегі эстафетада қола жүлдегер атанып, 11–12 жас санатында «Үздік спортшы» атағын иеленді.

Жеңімпаздың айтуынша, жүзу спортына ол алты жасында Байғанин ауданындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылған сәттен бастап келген. Бұл спорт түрін таңдауға ата-анасының қолдауы себеп болыпты.

– Бұл спортқа келуіме әкем мен анамы қпал етті. ФОК ашылған күннен бастап осында жаттыға бастадым. «Үздік спортшы» атағына жету үшін көп еңбек еттім, үздіксіз жаттықтым. Жүзуді ерекше жақсы көремін, сондықтан алдағы уақытта да тоқтамай жаттығамын. Жарыстан кейін ең алдымен әкем мен атама, әкем мен анама хабарластым. Олардың қуанышы мен қолдауы мен үшін өте маңызды. Сондай-ақ, құттықтап жатқан әрбір жанның жылы лебізі үлкен күш береді, – дейді Бауыржан Дүйсенбин. Тағы бір байғаниндік спортшы Алдияр Марат та жоғары нәтиже көрсетіп, 100 және 200 метр brass әдісімен жүзуде чемпион атанды. Ол сондай-ақ 4×100 метрлік аралас (mix) құрама эстафетада қола медаль жеңіп алды.

– Азия чемпионатына дайындығымыз өте жақсы өтті. Ақтөбе қаласында жүйелі түрде жаттығып, бапкерлеріміздің барлық тапсырмасын орындауға тырыстық. Жарысқа сенімді бардым. Соның нәтижесінде 100 және 200 метр brass әдісімен жүзуде екі алтын медаль жеңіп алдым. Бұл жеңіс маған үлкен жігер берді. Алдағы уақытта да жаттығуды тоқтатпай, нәтижемді одан әрі жақсартуға күш саламын, – дейді жас спортшы.

Ал Айзере Қуандықова 50 метр баттерфляй әдісімен жүзуде күміс, 50 метр brass әдісімен жүзуде қола медаль иеленіп, халықаралық деңгейдегі жарыста өзінің шеберлігін дәлелдеді.

Жас спортшылардың бұл жетістігі – олардың күнделікті тынымсыз еңбегі мен жүйелі жаттығуларының, сондай-ақ бапкерлердің кәсіби дайындығы мен ата-аналардың қолдауының жемісі.

Жаттықтырушының сөзінше, маусым айының басында бірінші жас тобы арасында Қазақстан Республикасының чемпиона-



ты өткен. Одан кейін балалар екі аптадай тынығып, маусым айының соңында дайындықтарын Ақтөбе қаласындағы барлық талапқа сай жабықталған «Достық» бассейнінде жалғастырған. Сондай-ақ, №5 олимпиадалық резервтің балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің («Чайка») базасында да жаттығу жиындары ұйымдастырылған.

– Бұл – AOSI қауымдастығы ұйымдастырған алғашқы Батыс Азия чемпионаты. Қазақстанда өткен жарысқа сегіз елден 500 спортшы қатысты. Бәсекеестік өте жоғары болды. Батыс өңірінің командалары бірігіп, «Batys KZ» құрамасы ретінде өнер көрсетіп, жалпыкомандалық есепте үшінші орын алды. Жеңістің негізінде ата-аналардың қолдауы жатыр. Балалардың бүгінгі жетістігі – олардың тынымсыз еңбегі мен отбасының сенімінің нәтижесі. Биылғы чемпионатта топ жарған үш спортшымыз өз жас ерекшеліктері бойынша облыста ғана емес, республикада да үздіктер қатарында. Сондықтан Азия чемпионатына қатысу мүмкіндігіне ие болды. Жалпы ауданның барлық жүзушілері жақсы деңгейде өнер көрсете алады, – дейді жаттықтырушы Астам Бағандықов.

Өйгерім ЖАРТИНА



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ: КӘСІБИЛІК, АШЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚҚА БАҒДАРЛАНУ

Мемлекеттік басқару жүйесінде маңызды өзгерістер кезеңі басталды. 2026 жылғы 1 шілдеден бастап «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңның жаңа редакциясы қолданысқа енгізілді. Жаңа құжат мемлекеттік қызметтің мазмұнын жаңартып, азаматтармен өзара іс-қимылдың сервистік моделіне көшуге, мемлекеттік аппараттың кәсібилігін арттыруға және кадрлық процестерді цифрландыруға бағытталған.

Жаңа заң мемлекеттік қызметтің қоғамдағы орнын жаңаша айқындап отыр. Бұған дейін мемлекеттік қызметті құқықтық реттеу көбіне еңбек қатынастары аясында қарастырылып келсе, жаңа редакцияда оның мақсаты, міндеттері және мемлекеттік басқарудағы маңызы нақты белгіленді.

Бүгінде мемлекеттік қызмет – елдің стратегиялық басымдықтарын жүзеге асыратын негізгі институттардың бірі. Сондықтан заңда мемлекеттік қызметті өткеру қағидадары, мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптар және олардың кәсіби міндеттері нақты бекітілді.

Азаматтарға бағдарланған қызмет моделі деген ұғым енгізілді. Бұл – мемлекеттік орган қызметінің басты назарында азамат тұруы деген сөз. Мемлекеттік қызметші тұрғындардың өтініштері мен мәселелерін шешуге бағытталған тиімді жұмыс тәсілдерін қолдануы керек.

Заң азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруға кедергі келтіретін жағдайларды жоюды көздейді. Атап айтқанда, өтініштерді тек формалды себептермен қараудан бас тартуға жол бермеу, қажетті ақпарат пен цифрлық сервистерге қолжетімділікті қамтамасыз ету қарастырылған.

Бұл өзгерістер мемлекеттік органдар мен қоғам арасындағы байланысты нығайтып, халықтың мемлекеттік аппаратқа деген сенімін арттыруға бағытталған.

Мемлекеттік қызметшілердің беделі мен әдеп нормаларына қатысты да бірқатар өзгерістер бар. Мемлекеттік қызметшінің кәсіби білімімен қатар оның адамгершілік қасиеті, әдептілігі және мінсіз беделі маңызды рөл атқарады.

Осыған байланысты заңда «мінсіз бедел» институты енгізілді. Мемлекеттік қызметшіге немесе мемлекеттік лауазымға үміткер азаматқа қойылатын талаптар нақты белгіленді. Егер белгілі бір жағдайлар орын алса, ол тұлға мінсіз бедел иесі ретінде танылмайды.

Мемлекеттік қызметшілердің негізгі міндеті – халықтың сенімін ақтау. Сондықтан қызметтік әдеп талаптарын сақтау, мемлекеттік қызметтің абыройын мен беделін қорғау ерекше маңызға ие.

Сонымен қатар жаңа заңда сайланатын лауазымды тұлғалар мемлекеттік қызметшілердің жеке санаты ретінде қарастырылған. Олар саяси және әкімшілік мемлекеттік қызметшілермен қатар мемлекеттік қызмет жүйесінің бір бөлігі болып табылады.

Сайланбалы мемлекеттік қызметшілердің ерекшелігі – олар заң алдындағы жауапкершілікпен қатар сайлаушылар алдындағы жауапкершілікті де сезінуі тиіс.

Сонымен бірге орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің басшылары мен облыстық басқарма басшылары «А» корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына жатқызылды.

Мемлекеттік қызметке білікті, қабілетті және жас мамандарды тарту – негізгі міндеттердің бірі. Осы мақсатта заңда мемлекеттік қызметке кіруге даярлау институтын енгізу көзделген.

Бұл жүйе болашақ мемлекеттік қызметшілердің қажетті кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған. Жұмыс мектеп қабырғасынан бастап жоғары оқу орындарына дейінгі кезеңді қамтиды.

Сонымен қатар мемлекеттік қызметке іріктеу процесі толық цифрлық форматқа көшіріледі. «Е-қызмет» ақпараттық жүйесі арқылы кадрларды іріктеу мен басқару үдерістері ашық әрі тиімді жүргізіледі.

Егер белгілі бір мемлекеттік лауазым үш айдан астам уақыт бос тұрса, жүйе

арқылы конкурс автоматты түрде жарияланады. Бұл мемлекеттік қызметке барлық саладан қабілетті мамандардың келуіне мүмкіндік береді.

Заңда мемлекеттік қызметтің тартымдылығын арттыруға бағытталған маңызды әлеуметтік шаралар белгіленген.

Олардың қатарында мансаптық көлденең өсу мүмкіндігі, еңбекақыны кезең-кезеңімен индексстеу, қосымша ақылы демалыстар, еңбек құқықтарының кепілдіктері, қызмет бабымен қоныс аударуға байланысты өтемақылар және ұзақ жыл қызмет атқарған мемлекеттік қызметшілерді ынталандыру шаралары бар.

Сонымен бірге мемлекеттік қызметшілердің жұмыс уақыты режиміне байланысты еңбек құқықтарын қорғау мәселелері де қарастырылған.

Мемлекеттік қызметтің тиімділігі тек құқықтар мен мүмкіндіктерге ғана емес, сонымен қатар жауапкершілікке де байланысты.

Жаңа заңда тәртіптік жауапкершілік жүйесі жетілдірілді. Тәртіптік жазалардың қолданылу мерзімі құқық бұзушылықтың ауырлығына қарай белгіленеді. Сонымен бірге жауапкершілікті жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды ескеру қарастырылған.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын бұзуына, мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтіретін әрекеттер жасауына жол берілмейді.

Заңда құқық бұзушылықтардың алдын алу жұмыстарын күшейтуге ерекше мән берілген. Белгілі бір штат саны бар мемлекеттік органдарда құқық бұзушылықтардың алдын алу қызметтерін құру қарастырылған.

Бұл құрылымдар мемлекеттік орган ішінде дербес жұмыс істеп, қызметтік әдеп талаптарының сақталуын, тәртіптік мәселелердің қаралуын және профилактикалық шаралардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

Негізгі мақсат – құқық бұзушылық орын алғаннан кейін ғана әрекет ету емес, оның алдын алу.

Мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерге қатысты талаптар күшейтілді.

Мемлекеттік қызметшінің қоғам алдындағы беделі мен мінез-құлқы мемлекеттік қызметтің жалпы имиджіне әсер етеді.

Сондықтан заңда қызметтік міндеттерін атқарумен байланысты емес, бірақ мемлекеттік қызметтің абыройы мен беделіне кері әсер ететін әрекеттер үшін жауапкершілік күшейтілді.

Сонымен қатар есірткі құралдарын заңсыз пайдалану және көлік құралын алкогольдік немесе есірткілік масаң күйде басқару сияқты әрекеттер мемлекеттік қызметтің беделін түсіретін теріс қылықтар ретінде қарастырылады.

Жаңа заң мемлекеттік қызмет жүйесін сапалы жаңа деңгейге көтеруге бағытталған. Оның тиімді жүзеге асуы әрбір мемлекеттік қызметшінің кәсібилігіне, жауапкершілігіне және заң талаптарын орындауына байланысты.

Басты мақсат – халыққа қызмет ететін, ашық, тиімді әрі кәсіби мемлекеттік аппарат қалыптастыру. Мемлекеттік қызметші ең алдымен азаматтардың мүддесіне қызмет ететін тұлға болуы керек.

А.А.ШІЛМАНОВ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің

Ақтөбе облысы бойынша департаментінің басшысы,

Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы

Мәселе

АУЫЗ СУ САПАСЫ - ТҰРАҚТЫ БАҚЫЛАУДА

Ауыз су – адам өмірінің ажырамас бөлігі ғана емес, қоғамдық денсаулықтың негізгі көрсеткіштерінің бірі. Таза әрі қауіпсіз ауыз су тұрғындардың өмір сүру сапасына, түрлі жұқпалы аурулардың алдын алуға және санитариялық-эпидемиологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге тікелей әсер етеді. Сондықтан елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамту мәселесі мемлекет тарапынан ерекше бақылауға алынған. Бұл бағытта сумен жабдықтау жүйелерінің техникалық жай-күйінен бастап, су сапасының зертханалық көрсеткіштеріне дейін тұрақты бақылау жүргізіледі. Ауданда да орталықтандырылған ауыз су жүйелерінің санитариялық жағдайы жүйелі түрде қадағаланып, жоспарлы мониторингтер ұйымдастырылып келеді. Жыл басынан бері алынған сынамалар мен жүргізілген зертханалық зерттеулер аудан тұрғындары тұтынатын ауыз судың сапасы қолданыстағы санитариялық талаптарға толық сәйкес екенін көрсетті. Сонымен қатар мамандар су арқылы таралатын жұқпалы аурулардың алдын алу, апаттық жағдайлардың салдарын болдырмау және тұрғындардың санитариялық мәдениетін арттыру бағытындағы жұмыстарды да үздіксіз жалғастырып келеді. Осы салада атқарылып жатқан жұмыстар туралы Байғанин аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Жаннұр Нұрла айтып берді.

Мақсат - тұрғындар денсаулығына қауіп төндірмеу

Аудан тұрғындарының денсаулығын қорғап, әрбір тұтынушыға сапалы ауыз судың жеткізілуін қамтамасыз етуді басты мақсаты еткен басқарманың басшысы бұл бағыттағы жұмыстардың жергілікті атқарушы органдармен және жауапты мекемелермен бірлесіп, тұрақты түрде жүргізіліп келе жатқанын айтты.

- Ауыз су сапасын бақылау – біздің күнделікті жұмысымыздың ең маңызды бағыттарының бірі. Су қауіпсіздігіне қатысты талаптар ешқашан босаңсыған емес және болмайды. Біз бекітілген жоспарға сәйкес тұрақты түрде зертханалық сынамалар алып, олардың нәтижелерін жан-жақты талдаймыз. Су жүйелерінде қандай да бір жөндеу немесе апаттық жағдай орын алған кезде де қосымша бақылау ұйымдастырылып, залалсыздандыру жұмыстарының сапасы тексеріледі, – деді ол.

Жоспарлы мониторинг – сапаның басты кепілі

2026 жылдың алғашқы жартыжылдығында аудан аумағындағы орталықтандырылған ауыз су жүйелерінде санитариялық-эпидемиологиялық мони-

торинг жоспарына сәйкес кешенді зертханалық бақылау жүргізілген. Мамандар санитариялық-химиялық, микробиологиялық және органолептикалық көрсеткіштер бойынша су сынамаларын алып, олардың сапасын қолданыстағы санитариялық нормаларға сәйкестігі тұрғысынан тексерген. Нәтижесінде есепті кезеңде барлығы 44 су сынама-сы зертханалық сараптамадан өткізіліп, оның нәтижесінде санитариялық талаптарға қайшы келетін бірде-бір көрсеткіш анықталмаған. Бұл аудан тұрғындарына жеткізілетін ауыз судың қауіпсіз әрі сапалы екенін көрсетеді.

Бұдан бөлек, ағымдағы жылдың алғашқы алты айында басқармаға аудан тұрғындары тарапынан ауыз судың сапасына қатысты ешқандай шағым немесе өтініш түспеген. Бұл да сумен жабдықтау жүйесінің тұрақты жұмыс істеп тұрғанын және жүргізіліп жатқан бақылау шараларының тиімділігін аңғартады. -Зертханалық зерттеулер барысында судың химиялық құрамы ғана емес, оның дәмі, иісі, түсі, мөлдірлігі секілді органолептикалық қасиеттері де бағаланады. Әрбір зерттеу нәтижесі үекілетті мемлекеттік органдарға жолданып, басқарманың ресми ақпараттық ресурстарында жарияланып отырады, – деді басқарма басшысы.

Ауыз су сапасын қамтамасыз ету санитариялық қызметтің ғана міндеті емес. Бұл бағыттағы жұмыстар жергілікті атқарушы органдармен, сумен жабдықтау мекемелерімен және басқа да жауапты құрылымдармен бірлесе жүзеге асырылады.

Санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг қорытындылары аудан әкімдігінде өтетін жұмыс кеңестерінде тұрақты қаралып, анықталған мәселелер бойынша нақты шешімдер қабылданады. Қажет болған жағдайда су құбырларын жөндеу, санитариялық жағдайын жақсарту және техникалық қызмет көрсету бойынша жауапты мекемелерге тапсырмалар беріліп, олардың орындалуы бақылауға алынады.

21 су көзі тұрақты бақылауда

Қазіргі таңда аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының қадағалауында 17 орталықтандырылған және 4 орталықтандырылмаған ауыз сумен жабдықтау жүйесі бар. Бұл нысандарға санитариялық талаптардың сақталуы бойынша тұрақты мониторинг жүргізіліп келеді.



Тұрғындарға қарапайым кеңес

Мамандардың айтуынша, ауыз судың сапасын сақтау тек жауапты мекемелердің жұмысына ғана емес, тұрғындардың өздерінің санитариялық мәдениетіне де байланысты.

Ауыз суды тек таза әрі қақпағы тығыз жабылатын ыдыстарда сақтау, оларды жүйелі түрде жуып отыру, орталықтандырылмаған су көздерін пайдаланғанда оның қауіпсіздігіне көз жеткізу маңызды. Ал су құбырларында апаттық немесе жөндеу жұмыстары жүргізілген кезеңде суды міндетті түрде қайнатып пайдалану ұсынылады.

-Ауданда ауыз су сапасын бақылау, сумен жабдықтау жүйелерінің санитариялық жағдайын жақсарту және тұрғындарды қауіпсіз ауыз сумен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да кезең-кезеңімен жалғасады. Жүйелі мониторинг, зертханалық бақылау және жауапты мекемелердің бірлескен іс-қимылы тұрғындардың денсаулығын қорғаудың маңызды кепілі болып қала береді, - дейді басқарма басшысы Жаннұр Нұрла.

Өйгерім ӨНУАРБЕК

Еңбек адамы

ҚОЛЫНАН КЕЛЕТІН ІСТІ КӘСІПКЕ АЙНАЛДЫРҒАН ШЕБЕР

Қазіргі таңда кәсіпкерлік – тек табыс табудың жолы ғана емес, адамның өз қабілетін қоғам игілігіне жаратып, елдің сұранысын адал еңбекпен өтеудің жарқын үлгісі. Әсіресе, күнделікті тұрмысқа қажетті дүниені сапалы жасап, тұтынушы сеніміне ие болған кәсіп иелерінің еңбегі қай кезде де құрметке лайық. Соңғы жылдары тұрғындардың жиһазға деген талғамы да айтарлықтай өзгерді. Бұрын дүкендегі дайын өнімге сұраныс жоғары болса, бүгінде көпшілік үйінің кеңістігіне, интерьеріне және жеке қалауына сай арнайы тапсырыспен жасалған жиһазды таңдауға ден қоя бастады. Мұндай өзгеріс өз кезегінде жиһаз жасаумен айналысатын шеберлерге де үлкен жауапкершілік жүктеп отыр. Осындай сұранысты сапалы еңбекпен ақтап жүргендердің бірі – байғаниндік жас кәсіпкер, жиһаз жасаушы Сабыржан Қорбанов. Ол бірнеше жылдың ішінде сүйікті ісін тұрақты кәсіпке айналдырып, аудан тұрғындарымен қатар Ақтөбе қаласының тапсырыс берушілерінің де сеніміне ие болды. Қолынан келетін істі үлкен кәсіпке айналдырған шебермен әңгімелесіп, еңбек жолы, кәсіпке келу тарихы, бүгінгі жұмысы мен алдағы жоспарлары туралы сұрап білген өдік.

Сабыржан Ермеқұлы мектепті тәмамдаған соң шығармашылыққа жақын мамандықты таңдап, интерьер дизайнері мамандығы бойынша білім алған. Жас маман еңбек жолын да өз саласында бастап, бір жылға жуық интерьер дизайнымен айналысады. Алайда ол кезде бұл қызмет қазіргі кездегідей сұранысқа ие емес еді. Көпшілік дизайнердің көмегіне жүгінбейтіндіктен, тұрақты табыс табу қиынға соғады. Сондықтан жас маман күнкөріс қамымен вахталық жұмысқа орналасып, бірнеше жыл өндіріс саласында еңбек етеді. Дегенмен уақыт өте келе отбасын құрып, бала-шағалы болған соң туған үйден ұзақ уақыт жырақта жүрудің қиындығын анық сезіне бастайды. Өке ретінде балаларының қасында болып, туған жерінде еңбек етіп, өз кәсібін жүргізу туралы ой сана-сынан шықпайды.

– Өр вахтадан келген сайын өз ісімді бастау туралы ойлайтынмын. Балаларымның жанында болып, адал еңбегіммен нәпақа тапқым келді. Сол кезде қолымнан келетін істі кәсіпке айналдыруға бел будым, – дейді кәсіпкер.

Жиһаз жасау оған мүлде таңсық сала емес еді. Бұған дейін өз қажетіне арнап түрлі бұйымдар жасап көрген, жаңа дүниелерді үйренуге ұмтылып, интернет арқылы тәжірибе жинақтаған. Сондықтан бұл іске келгенде қорқыныштан бұрын сенім басым болғанын айтады.

2022 жылы жеке кәсіпкер ретінде ресми тіркеліп, вахталық жұмыспен біржола қоштасады. Осылайша өміріндегі жаңа кезең басталады. Алғашқы кезде қарапайым үстелдер мен орындықтар жасап, әлеуметтік желілер арқылы жұмыстарын жариялай бастайды. Көп ұзамай алғашқы тапсырыстар түсіп, сапалы орындалған жұмыстың нәтижесінде тұрақты клиенттерді қалыптасады. Бір адамның көңілінен шыққан дүние екінші адамға ұсынылып, ауыздан-ауызға тараған жақсы пікірдің арқасында тапсырыс көлемі де арта түседі.

– Ең жақсы жарнама – риза болған клиенттің пікірі. Бір адамның көңілінен шыққан жұмыс міндетті түрде екіншісіне жетеді. Сенім осылай қалыптасады, – дейді ол.

Клиенттердің сұранысы өзгерген сайын шебер де жұмыс ауқымын кеңейте түседі. Бүгінде ол тек үстел мен орындық жасаумен шектелмей, ас үй жиһаздарын, жатын бөлмеге арналған шкафтарды, кіреберіс жиһаздарын, балалар бөлмесіне ар-

налған жиһаздарды және тұрғын үй интерьеріне арналған түрлі тапсырыстық бұйымдарды дайындайды. Әр жұмыс тапсырыс берушінің үйіне барып, нақты өлшем алудан басталады. Кейін жобасы әзірленіп, материал таңдалып, барлық есеп-қисап нақтыланған соң ғана өндіріс жұмысы қолға алынады.

Кәсіпкердің айтуынша, жиһаздың ұзақ жылдар қызмет етуі ең алдымен пайдаланылатын материал мен фурнитураның сапасына байланысты.

– Біз ең алдымен сапаны ойлаймыз. Материал да, қосалқы бөлшектер де мүмкіндігінше сапалы болғанын қалаймыз. Бірақ әр адамның қаржылық мүмкіндігі әртүрлі. Бірі қымбат материалды таңдайды, енді бірі қолжетімді нұсқаны сұрайды. Сондықтан барлық ұсынысты көрсетіп, соңғы таңдауды клиенттің өзіне қалдырамыз. Қай жағдайда да жұмыстың сапасына жауап береміз, – дейді шебер.

Оның айтуынша, соңғы жылдары адамдардың жиһазға деген талғамы түбегейлі өзгерген. Бұрын қарапайым үлгілерге сұраныс жоғары болса, бүгінде тұрғындар Instagram, Pinterest секілді платформалардан көрген заманауи дизайндарды өз үйіне бейімдеп жасатқызы келеді.

– Қазір адамдар не қалайтынын жақсы біледі. Дайын суретін алып келеді. Біздің міндет – сол ойды үйдің көлеміне, интерьеріне және мүмкіндігіне қарай үйлестіріп жасау. Кейде телефондағы суретті шынайы жиһазға айналдыру оңай емес. Өр үйдің өлшемі де, жарық түсуі де әртүрлі. Соның бәрін ескеруге тура келеді. Бірақ дәл сондай күрделі жұмыстар бізді шыңдайды, – дейді ол.

Өндірісте автоматтандырылған кәсіби станоктар әзірге жоқ болғанымен, бұл мәселені кәсіпкер серіктестік арқылы шешіп келеді. Ақтөбе қаласындағы өндіріс орындарымен тұрақты жұмыс істеп, барлық техникалық сызбаларды әзірлегеннен кейін материалдар кәсіби жабдықтарда кесіліп, өңделеді. Ал дайын бөлшектерді құрастыру, жеткізу және орнату жұмыстарын өзі атқарады. Қазіргі таңда шебермен бірге бір көмекші еңбек етеді. Ұжым шағын болғанымен, әр тапсырыстың сапалы әрі уақытында орындалуына ерекше көңіл бөлінеді.

Тапсырыстардың басым бөлігі аудан тұрғындарынан түседі. Сонымен қатар соңғы уақытта Ақтөбе қаласынан да тапсырыс берушілердің саны артып келеді. Бұл – сапалы еңбекке деген сенімнің айқын көрінісі.



Осы уақытқа дейін мемлекеттік қолдау бағдарламаларына жүгінбеген кәсіпкер қазіргі жұмысын өз мүмкіндігімен дамытып келеді. Соған қарамастан алдағы жоспары ауқымды.

– Ең үлкен мақсатым – толық жабдықталған үлкен цех ашу. Өзіміздің кәсіби құралдарымыз болып, өндірісті бір жерге шоғырландырсақ деймін. Сонда жұмыс көлемін де ұлғайтып, бірнеше адамды тұрақты жұмыспен қамтуға мүмкіндік туар еді. Бұйырғанын көреміз. Кәсіптің үлкені де, кішісі де болмайды. Ең бастысы – өз ісінді жақсы көру және жауапкершілікпен орындау. Клиент сенім артып келеді. Сол сенімді ақтай білу керек. Әр жұмысты өз үйіне жасап жатқандай ықыласпен орындасан, нәтиже де болады. Ақша табу ғана емес, адамның алғысын алу да маңызды, – дейді Сабыржан Ермеқұлы.

Оның пікірінше, тапсырыспен жиһаз жасау – болашағы зор салалардың бірі. Себебі әр адамның үйі де, талғамы да әртүрлі. Сондықтан дайын жиһаздан гөрі жеке өлшеммен жасалған өнімге деген сұраныс алдағы уақытта да арта береді.

Жастарға қандай кәсіпті таңдаса да, ең алдымен адалдық пен жауапкершілікті серік етуге кеңес береді.

Жұмыс барысында есте қалған қызықты оқиғалар да аз емес екен. Оның айтуынша, тапсырыс берушілердің ең жиі айтатын сөзі: «Қонақ келетін еді, тездетіп бітіріп беріңізші...»

– Жылдам жасап беру мүмкін болатын кездер бар. Бірақ сапаны құрбан етуге болмайды. Өйткені жиһаз бір-екі күнге емес, ұзақ жылдарға жасалады, – дейді күлімсіреген шебер.

Өңгіме соңында өмірлік ұстанымын да бөлісті. – «Шеберді шебер дегенше, Алланы шебер де-сеңші» деген сөз бар. Мен осыны әрдайым жадымда ұстаймын. Адам адал еңбек етіп, аманатқа қиянат жасамай, уәдесінде тұрса, қай салада болмасын өз ісінің шебері болады. Нағыз шеберлік – қолдың ептілігі ғана емес, адамдық қасиетті жоғалтпау, – дейді Сабыржан Ермеқұлы.

Қолынан келетін істі табыс көзіне айналдырып, сапаны басты қағида еткен жас кәсіпкердің бүгінгі жетістігі – табандылықтың, тынымсыз ізденістің және маңдай тердің жемісі. Туған жерінде кәсібин дамытып, тұрғындардың сеніміне ие болған шебердің алдағы мақсаты – өндірісін кеңейтіп, жаңа жұмыс орындарын ашу. Бұл жоспар жүзеге асса, ауданымыздағы шағын кәсіпкерліктің дамуына ғана емес, отандық жиһаз өндірісінің өркендеуіне де өзіндік үлесін қосары сөзсіз.

Өйгерім ЖАРТИНА

СУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

**Құрметті Байғанин ауданының
тұрғындары мен қонақтары!!!**

Байғанин ауданы ТЖБ ескертеді!

*Суга тусу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін қатаң
сақтауларыңыз сұралады.
Балаларыңызды қараусыз суга жібермеңіздер.*



Шіліңгір шілде басталмай жатып, күн қатты ыси бастады.Осы кезде адамдар еңбек демалыстарына шығып, жастың да, көрінің де су жағасына барып, балаларымен, достарымен бірге табиғат аясында серуендеуге бет алады. Су жағалауларында күнге қыздырынып, демалып, суға шомылып, ыстық құмға «пісу», салқын суға шомылғысы келетіні, жанға сондай жайлы екені анық. Адамдардың суда қауіпсіздік ережелері мен шараларын сақтамауы, жас балалардың суға шомыла білмеуі, мас күйінде суға шомылу орны толмас қайғы мен өкінішке айналып жатады.

Суға шомылу маусымы кезінде су нысандарында қайғылы жағдайды болдырмау мақсатында аудандық Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері, Жарқамыс және Миялы ауылдарының өрт сөндіру бекеттерінің қызметкерлері Жем мен Сағыз өзені бойында рейд жүргізу және барлық су айдындарының

жағасын аралау секілді профилактикалық іс-шараларды күн сайын жүргізуде.

Жалпы суда шомылу кезіндегі қауіпсіздік ережелері:

- Ең алдымен рұқсат етілген жерлерде ғана шомылыңыз.
- Шомылатын орынға тыйым салынбағанын тексеріңіз.
- Шомылатын орынның тереңдігін біліп алыңыз.
- Тамақтанып болғаннан соң бірден суға беттемеңіз.
- Су ішінде алысып ойнамаңыз.
- Еш уақытта қараңғы уақытта, сондай-ақ, масайған күйінде шомылмаңыз.
- Егер жалғыз шомылсаңыз, жақсылап ой таразысына салыңыз, төтенше жағдай бола қалса, сізге кім көмектесетінін ойлаңыз.
- Тым ұзақ шомылмаңыз, тоңып қалуға дейін жеткізебеңіз, аяқ – қолыңыздың тырыспауын қадағалаңыз;

-Қоршау белгілерінен алыстап кетпеңіз.

-Шомылу кезінде судың суық болмауын байқаңыз. Себебі, суық суда тоңудың әсерінен өлім саны көп болады. Суық суға түскен адам 10 – 30 минутта суық өтіп қайтыс болады. Организмнің тез салқындауы ашыққан кезде, тым тойынған кезде, шаршаған кезде және адамның мас күйінде болады.

-Балаларға көңіл бөліңіз, үлкендердің қарауынсыз жеке қалдырмаңыз, шомыла білмейтін балаларды суға мүлдем жақындатпаңыз.

Суға бату-суға батқан адамдардың демалу жолдарына сұйықтықтың толып қалуының нәтижесінде демалу бұзылып, тұншығудың болуы. Зардап шеккен адамның терісі бозарады, беті мен ерні қарайып кетеді, дем алмайды, тамыр соғуы өте әлсіз болып (немесе мүлдем болмайды), аузы мен мұрын қуыстарында көпіршіктер ағады. Бұл кезде зардап шеккенді қараусыз қалдыруға болмайды. Кез келген сәтте жүрегі тоқтап қалуы немесе бас миының және өкпесінің ісінуі өршіп кетуі мүмкін.

Зардап шеккен адамға көмек көрсетерде өз қауіпсіздігіңізді естен шығармаңыз. Сабыр сақтап, егер суға кетуші су бетінде болса, онда оны артқы жағынан ұстау қажет. Ал суға кетсе судың астынан іздеп, шашынан не қолынан тартып, су бетіне шығару керек. Өзіңіз не айналадағылардан «Жедел жәрдем», яғни «103-ті» шақыртыңыз. Алғашқы медициналық көмекті 4-5 минут ішінде көрсетіп үлгеру керек. Қатерге ұшыраған адамға көмек көрсету мүмкіндігінше тездетіп оттегі жеткіліксіздігін қаппана келтіруден тұрады.

«Су - тілсіз жау». Судағы апаттан қорғанудың ең сенімді жолы - суда шомылу ережелері мен қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау болып табылады. Осы айтылған барлық қауіпсіздік шаралары мен ережелерін қатаң сақтайтын болсаңыздар, өздеріңізді, барлық жақындарыңыз бен достарыңызды қауіп-қатерден аман алып қала аласыз. «Өз өмірің өз қолыңда» екенін ешқашан естен шығармаңыз.

Есте сақтаңыздар!

Судағы апаттан қорғанудың ең сенімді жолы - суда шомылу ережелері мен қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау.

**Байғанин ауданының
Төтенше жағдайлар бөлімі**

Мемлекеттік тіл - сот төрелігінің басты қағидаты

Тіл – әрбір халықтың ең асыл қазынасы, ұлттық болмысы мен рухани дүниесінің айнасы. Әр ұлт өз тілін ғасырлар бойы қалыптастырып, оны келер ұрпаққа аманат етеді. Сондықтан ана тілін құрметтеу – туған жерді, елді, тарих пен мәдениетті құрметтеумен тең.

Қазақ тілі – көне түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын, тарихы терең, сөздік қоры аса бай тіл. Оның бастауын Орхон-Енисей жазбаларынан, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ахмет Йүнеки, Қожа Ахмет Ясауи сынды ұлы ойшылдардың еңбектерінен көруге болады. Мыңжылдықтардан жеткен бұл тіл – халқымыздың рухани мұрасы әрі тәуелсіздігіміздің басты нышаны.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 9-бабына сәйкес қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Сондай-ақ, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заң мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтіп, оны дамыту мен қорғаудың құқықтық негіздерін белгілейді. Мемлекеттік тілдің қоғам өмірінің барлық саласында, соның ішінде сот жүйесінде кеңінен қолданылуы – мемлекет жүргізіп отырған тіл саясатының басым бағыттарының бірі.

Сот жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданылуы заңмен нақты реттелген. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесістік, Қылмыстық-процестік, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы және Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстеріне сәйкес сот ісін жүргізу тілі сотқа ұсынылған талап қоюдың немесе өзге де іс материалдарының тіліне байланысты айқындалады. Яғни, талап қою мемлекеттік тілде берілсе, іс те мемлекеттік тілде қаралады. Бұл қағида азаматтардың сот алдындағы теңдігін қамтамасыз етіп қана қоймай, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге де ықпал етеді.

Осыған байланысты мемлекеттік тілде қаралатын істердің үлесін арттыру ең алдымен азаматтардың, мемлекеттік органдардың және құқық қорғау органдарының сотқа жолдайтын құжаттарын мемлекеттік тілде әзірлеуіне тікелей байланысты. Мемлекеттік тілдегі талап қоюлар мен процесістік құжаттардың көбеюі сот өндірісіндегі қазақ тілінің үлесін арттырады.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек Республика бойынша аудандық және оған теңестірілген соттарда 2025 жылдың алты айында қаралған 549 676 істің 230 855-і немесе 42 % мемлекеттік тілде қаралған, ал 2026 жылдың осы кезеңінде қаралған 629 578 істің 214 537-сі немесе 34 % мемлекеттік тілде қаралған. Бұл көрсеткіш мемлекеттік тілде сот ісін жүргі-

зу үлесін арттыру бағытындағы жұмысты одан әрі жандандырудың маңыздылығын көрсетеді.

Осы ретте азаматтар мен заңды тұлғалардың мемлекеттік тілде сотқа жүгінуін ынталандыру, мемлекеттік органдардың құжат айналымын толықтай қазақ тілінде жүргізуі және мемлекеттік тілдің күнделікті қолданыс аясын кеңейту ерекше маңызға ие. Мемлекеттік тілдің беделі заң талаптарын орындаумен ғана емес, оны күнделікті өмірде кеңінен қолданумен де өлшенеді.

Тәжірибеде мемлекеттік тілде сот ісін жүргізудің үлесін арттыруға кедергі келтіретін жағдайлар да кездеседі. Мәселен, кейбір банктер мен микроқаржы ұйымдары талап қоюларын сотқа орыс тілінде жолдайды. Қолданыстағы процесістік заңнамаларға сәйкес іс жүргізу тілі талап қою тілімен айқындалатындықтан, мұндай істер де орыс тілінде қаралады. Ал жауапкер немесе басқа қатысушылар істі мемлекеттік тілде жүргізу туралы өтініш білдірген жағдайлардың өзінде, талап қоюшы тарап кейде іс жүргізу тілін өзгертуге қарсылық танытады. Соның салдарынан мемлекеттік тілде қаралатын істердің үлесін арттыруға мүмкіндік толық пайдаланылмай келеді.

Мысалы, Ақтөбе облысы Байғанин аудандық сотында 2026 жылдың алты айында банктер мен микроқаржы ұйымдарынан түскен 90 талап қоюдың 3-і ғана қазақ тілінде берілген.

Осыған байланысты мемлекеттік тілдің сот жүйесіндегі қолданылу аясын кеңейту үшін азаматтардың ғана емес, банктердің, микроқаржы ұйымдарының және өзге де заңды тұлғалардың сотқа жолдайтын талап қоюлары мен процесістік құжаттарын мемлекеттік тілде әзірлеуіне ерекше назар аудару қажет. Бұл мемлекеттік тілдің беделін арттыруға және сот ісін жүргізудегі үлесін көбейтуге оң әсерін тигізеді.

Сонымен қатар, сот төрелігін жүзеге асыру барысында іске қатысушылардың құқықтарының толық сақталуына ерекше назар аударылады. Іс жүргізу тілін білмейтін немесе жеткілікті меңгермеген тұлғаларға аудармашының қызметін қамтамасыз етіледі. Бұл – әр азаматтың өз ана тілінде немесе өзі меңгерген тілде

өз құқықтарын қорғауына берілген заңды кепілдік. Сонымен қатар, сот ісін жүргізу тілін заң талаптарына сәйкес сақтау қамтамасыз етіледі.

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық сотында мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Соттағы іс жүргізу құжаттары заң талаптарына сәйкес мемлекеттік тілде рәсімделіп, азаматтардың қазақ тілінде өтініш беруіне барлық қажетті жағдай жасалған. Судьялар мен сот қызметкерлері мемлекеттік тілді еркін меңгерген және сот төрелігін мемлекеттік тілде сапалы жүзеге асыруға өз үлестерін қосуда.

Менің пікірімше, мемлекеттік тілдің дамуы ең алдымен мемлекеттік қызметшілердің ұстанымына байланысты. Себебі олар мемлекеттік саясатты тікелей жүзеге асыратын негізгі буын болып табылады. Мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік тілді күнделікті қызметінде кеңінен қолдануы қоғамға үлгі болып, азаматтардың қазақ тіліне деген құрметін арттырады және оның қолданылу аясын кеңейтуге өз әсерін тигізеді.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру тек соттардың немесе мемлекеттік органдардың ғана міндеті емес. Бұл – әрбір азамат пен заңды тұлғалардың жауапкершілігі. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту ерқайсымыздың күнделікті өмірімізден басталады. Азаматтар мен заңды тұлғалардың мемлекеттік тілде талап қоюы, өтініш жасауы және ресми қарым-қатынаста қазақ тілін таңдауы мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлін нығайтып, оның сот жүйесіндегі қолданылу үлесінің артуына ықпал етеді.

«Тіл – ұлттың жаны» деген қанатты сөздің мәні ешқашан өзектілігін жоғалтпайды. Ана тілін ардақтау – өткенді құрметтеу, бүгінді бағалау және болашаққа сеніммен қадам басу. Сондықтан мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, оның сот жүйесіндегі қолданыс аясын кеңейту және оны келер ұрпаққа таза күйінде жеткізу – әрбір азаматтың ортақ парызы. Мемлекеттік тілдің мерейі үстем болған елдің еңсесі әрқашан биік болмақ.

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық сотының судьясы Н.М. АЛИМБЕКОВ

Меншік иесі:
«Қадір Ұлықпан Қаратайұлы» ЖК

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму Министрлігі
Байланыс апараттандыру және ақпарат комитетінде
2015 жылғы 8 сәуірде тіркеліп,
№15190-Г куәлігі берілген.

ЖЕМ - САҒЫЗ

Директор — Редактор Ұлықпан ҚАДІР

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді. Оны қайтармайды.
Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламағы төленбейді.
Авторлық мақалалар редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды.
Жарнамалар мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
*** Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордан алынды.**

«Жем - Сағыз» газеті редакциясының мекенжайы:
030300, Байғанин ауданы
Қарауылкелді селосы,
Д. Қонаев көшесі, №35

Газет аптасына бір рет шығады
Индексі: 65512
Таралымы 1329
Тапсырыс №1185
Көлемі 1 баспа табақ.